

Жалпы ата-аналар жиналышының №2 хаттамасы

2023 жылғы 27 ақпан

Қатыскандар- 48адам

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Дәрігердің кенесі: «Дені саудың-жаны сау»
2. «Сұраңыз жауап береміз!». Ата-аналардың сұрақтарына жауап беру.
3. «Әдептілік әдемілік» ата-аналар арасында баяндама оку.
4. «Қош бол, әсем балабақшамыз». Оқу тәрбис жұмысына есеп беру.

1. Бірінші мәселе бойынша балабақша медбикесі Смайлова Г.К. ата аналарга денсаулық жайында кеңес берді. Кез келген елдің болашагы - оның халқының денсаулығына байланысты екендігі - дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Ал біздің болашақтағы бағытымыз - салауатты өмір салты. « Ауырып ем іздегенине, ауырмайтын жол ізде» дегенді есіп келе жатқан үрпактың санасына сіңіріп, олардың өз денсаулығына деген жауапкершілікті қалыптастыру баршаның борышы деді.

Денсаулық дегеніміз - адам жаны мен тәнінің амандығы. Денінің сау болуын қандай адам қаламайды?

Дені сау адам өзі үшін де, ол өмір сүріп жатқан қоғам үшін де керек. Қоғамадағы не бір жұмысты да сол денсаулық иесі ғана атқара алады. Адам бұл өмірде мәнгілік еместігін, Сол берілген аз ғұмырды дұрыс пайдалана білмесен, ғұмырын текке өтті дей бер. «Денсаулық - зор байлық» деп атамыз қазақ бекер айтпаған болар. Әр адамның өмірінде денсаулықтың орны бөлек. Сондықтан денсаулығымызға көніл беліп, дұрыс сақтанғанымыз жөн деді. Деніміз сау болмаса, қалжыратса, шалқыган байлықтан, ақшадан не пайда?! Осыдан біз ненің бірінші байлық екенін аңғарамыз.


2. Екінші мәселе бойынша ата-аналар өздерін қызықтырып жүрген мәселелер бойынша сұрақ қойды. Мәселен: балаларының жаңа оқу жылында қай топта тәрбиленетіні жайында, жазғы демалыста қандай іс-шаралар болатыны жайында, жаңа оқу жылында болатын сабактары жайлы және т.б.


3. Үшінші мәселе бойынша әдіскер Оразғалиева Г.Б. ата-аналарға «Әдептілік әдемілік» жайында әдемі әнгіме баяндама оқып берді.

4. Төртінші мәселе бойынша ересек тобының тәрбиешілері «Қош бол, әсем балабақшамыз» атты ертенгілік жайында сөз қозғады. Оқу тәрбие жұмысына есеп берді. Ата-аналарға балаларының қандай өнер көрсетінін, қандай киімдер керек екенін айттып өтті.

Шешімі:

1. Дәрігердің кенесі: «Дені саудың-жаны сау» қанагаттанарлық деп есептелсін!
2. «Әдептілік әдемілік» ата-аналар арасында баяндама қанагаттанарлық деп есептелсін!
3. Ертенгілікке дайындық жалғасын тапсын!

Төрайым:  Оспанова Ж.С.

Хатшы  Егеубаева М.Е.